

N 14
д. 05. 10.24 н

Түркістан облысының білім
саласында сапаны қамтамасыз
ету департаментінің
басшысы Г.Алматовқа

Төлеби аудандық білім бөлімінің «Аяулым» бөбекжай-бақшасы МКҚК мемлекеттік аттестаттау барысында анықталған кемшіліктердің жойылғандығы туралы

ЕСЕП МӘЛІМЕТІ

«Аяулым» бөбекжай-бақшасы МКҚК 2024 жылдың ақпан айының 24 мен наурыз айының 04 арлығында мемлекеттік аттестаттаудан өткізілді. Мемлекеттік аттестаттау барысында төмендегі кемшіліктер анықталды:

1. Балабақша педагогтері біліктілік санатын көтеруге өтініш білдірмеген. «Педагог мәртебесі» туралы Заңының 15 бабының 3) тармақшасы талабына орындалмаған. Бұл, үлгілік қағидалардың 18- тармақ талабына сәйкес келмейтіндігін көрсетеді.

Кемшіліктер түзетілді:

1. «Педагог мәртебесі» туралы Заңының 15 бабының 3) тармақшасына сәйкес педагогтар біліктілік санаттарын көтеруге өтініштерін білдірді. Құжаттар балабақша сайтының кемшіліктер мен толықтырулар бөліміне [https:// aiaulym-edu.kz/](https://aiaulym-edu.kz/) орналастырылғанын хабарлаймыз.

2. 2022-2023 және 2023-2024 оқу жылдарына мектепалды даярлық тобына ғана іс-әрекеттер кестесі түзіледі, басқа топтарда әдіскер тарапынан оқу жұмыс жоспары түзіледі және мекеме басшысы тарапынан бекітіледі.

Кемшіліктер түзетілді:

2. 2022-2023 және 2023-2024 оқу жылдарына мектепалды даярлық тобына ғана іс-әрекеттер кестесі түзілді, басқа топтарда әдіскер тарапынан оқу жұмыс жоспары түзілді және мекеме басшысы тарапынан бекітілді. Құжаттар балабақша сайтының кемшіліктер мен толықтырулар бөліміне [https:// aiaulym-edu.kz/](https://aiaulym-edu.kz/) орналастырылғанын хабарлаймыз.

3. 2021-2022 оқу жылында перспективалық жоспарға да циклограммада жоспарланған ұйымдастырылған оқу қызметтеріне де мақсат қойылмаған . Апталық циклограммада ұйымдастырылған оқу қызметтеріне мақсат, ойын, күтілетін нәтижелер көрсетілмеген.

Кемшіліктер түзетілді:

3. 2021-2022 оқу жылында перспективалық жоспарға да циклограммада жоспарланған ұйымдастырылған оқу қызметтеріне де мақсат қойылды. Апталық циклограммада ұйымдастырылған оқу қызметтеріне мақсат, ойын, күтілетін нәтижелер көрсетілді. Құжаттар балабақша сайтының кемшіліктер мен толықтырулар бөліміне [https:// aiaulym-edu.kz/](https://aiaulym-edu.kz/) орналастырылды.

4. Үш оқу жылында ұсынылған әдіскердің жиындық есебі дұрыс жасалмаған және де 2023-2024 оқу жылының «Тұлпар» мектепалды даярлық тобының аралық мониторингі дұрыс жүктелмегендіктен талдау мүмкіндігі болмады.

Кемшіліктер түзетілді:

4. Қазақстан Республикасы Оқу –ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығына 1-қосымшасы «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының» 6,7,8,9,10,11,20 тармақ талаптарына сәйкестендірілді. Құжаттар балабақша сайтының кемшіліктер мен толықтырулар бөліміне [https:// aiaulym-edu.kz/](https://aiaulym-edu.kz/) орналастырылды.

5. 2021-2022оқу жылында балабақшада жас ерекшелігі сақталмай топтарға топтастырылған. Атап айтқанда, «Таңшолпан» МАД тобында топта 5 жасар бала қабылдану керек, 3 жасар,4 жасар балалар да қабылданған.2022-2023 оқу жылында «Айгөлек» МАД топта жас ерекшеліктері сақталмаған.Топтастыру дұрыс жүргізілмеген.

Кемшіліктер түзетілді:

5. Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы №348 бұйрығының 1-қосымшасының 25- тармақ талаптарына сәйкестендірілді. Құжаттар балабақша сайтының кемшіліктер мен толықтырулар бөліміне [https:// aiaulym-edu.kz/](https://aiaulym-edu.kz/) орналастырылды.

Бөбекжай- бақша меңгерушісі:



У.Н.Саурбаева